

# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

## АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Эпикурлықтар мен стоиктер этикасы





**Мақсаты** – Антика дәуіріндегі, соның ішінде Эпикур гедонизмі мен стоиктер этикасындағы әдеп философиясын қарастыру.

**Жоспары:**

1. Эпикур гедонизмі.
2. Стоиктер этикасы.

**Түйін сөздер**

Теориялық гедонизм, практикалық аскетизм, бақыт, рақат, даналық, «oikeiosis».

Ұсынылып отырған дәріс Энтони Кенни кітабының сегізінші тарауында талданған эпикурлықтар мен стоиктер философиясындағы этикалық мәселелерге арналады.

Эллинизм кезінде этикалық бастама физика мен метафизикадан басым болып, оның дауысы философияда бәрінен де қатты шықты. Саяси сұрақтар шын мәнінде өзінің белсенділігін жоғалтты, өйткені, сөз бостандығына патшалық гарнизондар және олар туралы естеліктер еске салып тұрған еді және ұлттық бостандық әрекетсіздікке байланысты болатындығы өз-өзімен түсінікті еді. Афина мемлекетінің керемет күндері артта қалды және философия бұрын соңды Грекияда болмаған саясат пен этиканың алшақтығына тап болды. Ол, философияның қадірін түсірмей, саяси тұрақсыздықпен үйлесіп, өмір жолын табуға тиіс еді. Сондықтан қазір оның міндеті әділ мемлекет құру емес, өз-өзіне жеткілікті және толыққанды адамды тәрбиелеу екенін түсінді. Этиканың дамуы екі қарама-қарсы бағытта жүрді. Біріншісі Гераклит, Сократ, Антисфен және Диоген жолымен жүріп, кинизмді стоицизмге айналдырса; екіншісі Демокритке қайта оралды, көп жағдайда Аристиппке сүйенді және киренаиктер ілімін эпикуршылдар мектебіне айналдырды. Діни және саяси құлдырауды жеңудің философиялық талпыныстары өз бастауын Азиядан алды: стоицизм семиттік пантеизм, фатализм және мойынсұнудың дамуы болса, эпикуреизм өз бастамасын Азия жағалауындағы мамыражайлықты жақсы көретін гректерден алды. Осы уақыттың ең танымал философиялық екі жүйесі – стоицизм мен кинизм негізінен, республикалық идеялардан жат болды. Христиандық идеология стоицизм мен платондық философияның, грек мифологиясы және әдеби дәстүрлер дамуымен даярланды. Рим империясында ескі полистік мифологияны терістеген христиандық жаңа діннің орнығуы – заңды әрі қажетті құбылыс еді.

Қоғам мүшелерін өзін-өзі бақылауға және жанқиярлыққа қорқыныш арқылы ма немесе басқаша қалай ынталандыруға болады? Онсыз қоғамның аман қалуы екіталай. Көне дін бұл міндетті орындауға шамасы келмеді; көне қала-мемлекет адамдарды өзін-өзі жанқиярлыққа баруға, өз соңынан ерте алмады. Білімді гректер жауапты діннен емес, философиядан іздеді; олар қиын жылдарда ақыл мен кеңесті философтардан сұрады, олар философиядан заттар жүйесінде, адам тіршілігіне төзімділік пен құндылық әкелетін және оларға ажалға қарсы қорқынышсыз қарауға көмектесетін белгілі бір көзқарас іздеді.

## Эпикур гедонизмі

Жоғары жақсылық пен жоғары рақаттың арасын теңестіре отырып, Аристотель өзін гедонистпен деп атау құқығына ие болады. Бірақ ол ерекше гедонист еді. Өйткені ол ежелгі Грекиядағы ең атақты гедонисттен, атап айтқанда, Эпикурдан әлдеқайда алшақ болатын. Эпикур рақатты анықтауда Аристотель сияқты көп сөзділікке ұрынбайды. Оны түсіну де оңайырақ. Іс-әрекет құндылығынан тәуелсіз рақаттың мәнін аша отырып Эпикур барлық рақат жақсылыққа жатады дейді. Оның этикалық гедонизмі Аристотельдің этикалық трактатынан гөрі Демокриттің гедонизміне немесе Платонның «Протагорына» көбірек ұқсайды.

Эпикур үшін рақат – өмірдің ең соңғы нүктесі және таңдаудағы жақсылық критеріі. Бұл дәлелдеуді қажет етпейді. Біз мұны интуиция арқылы сезе аламыз. «Біз рақатты Құдай сыйлаған өмірдің басы мен аяғы деп есептейміз. Біз оны ең негізгі және табиғи игілігіміз деп түсінеміз. Рақат – біздің белгілі бір затты таңдағанда немесе бірдеңеден қашқақтағанда қайта



оралатын бастапқы нүктеміз және сезімдерімізді өлшем ретінде пайдаланып әр жақсы затқа баға бергенде, біз оны өз мақсатымызға айналдырамыз» – дейді Эпикур.

Эпикур бойынша рақат – ең жоғарғы ізгілік. Ал азап – ең жоғарғы қорлық. Егер рақат кейін адам баласын адам ұзақ уақыт азапқа салса, дұрысы ондай рақаттан бас тартқан жөн. Сол сияқты, тең дәрежеде, ұзақ уақыт рақатқа бөленсе, сонша азапқа да шыдау керек. Бұдан Эпикур гедонизмі тән құмарлығын қандыратын өмір сүруге шақырудан аулақ болғанын көреміз. Жақсы өмір – ішіп-жеу, тойлау, жеңсік асқа толы дастарқан да, ер мен әйел арасындағы ретсіз жыныстық қатынаста емес. Жақсы өмірдің мәні – ынсап, абырой, әділеттілік пен кемеңгерлікте. Эпикурлық бақыт деген – шағын бау-бақшаның ішіндегі қоңыртөбел тіршілік, жақын достар ортасы және жеңіл вегетариандық ас-ауқат.

Эпикурға теориялық гедонизм мен практикалық аскетизмді үйлестіруге мүмкіндік беретін нәрсе – оның рақатты қалауды қажетінше қанағаттандыру деп түсінуі. Біздің ең қымбат және ең негізгі қалауымыз – азап шегуді жеңілдетуге деген ұмтылыс. Жай ауырсыну да жоқ болса – соның өзі іргелі рақат. Қалауларымыздың кейбірі болымсыз. Кейбірі табиғи. Ең маңызды рақатқа сәйкес келетіні де – осы табиғи қалаулар. Ашығу, шөлдеу, тоңу сияқты күйлерден құтылғымыз келетін табиғи қалауларымызды қанағаттандыру – шын мәнінде, рақат. Дегенмен ойшылдың пайымдауынша рақаттың екі түрі бар. Эпикур оларды техникалық терминдермен белгілейді. Біріншісі шөлді басу кезіндегі кинетикалық рақат. Екіншісі шөл басылғаннан кейін пайда болатын статикалық рақат. Рақаттың екі түрі де табиғи. Бірақ кинетикалық рақаттардың ішінен тек бірнешеуі ғана қажет, яғни аштық пен шөлді қандыруға жеткілікті тамақ пен сусыннан рақат алу. Ал қалғандары қажет емес. Мысалы, тамақ талғағыштық. Қажет емес табиғи рақаттар қажет табиғи рақаттардан артық емес. Тек оның бір түрі ғана. Шындығында ең жақсы дәмдеуіш – аштық. Сондықтан құр қарын толтырғаннан гөрі, аш кезде жай ас ішу ұнамдырақ болады. Алайда бүкіл табиғи рақаттың ішінен статикалық рақаттарды шынайы деп айтуға болады. «Тәннің айқайы – аш болмау, шөлдемеу және тоңбау. Кімде-кім мұндай күйдің бірін де сезінбесе, сондай жақсы күйде қалудан үміті болса, онда ол бақытқа тіпті Зевстің өзімен де тайталаса алады».

Эпикур зиян тигізбесе қажет емес табиғи қалауларды орындауға қарсы шыққан жоқ, оның критерийі ауырсыну сезімін тудыру қабілетімен өлшенуі керек. Эпикурдың айтуынша, заңды және конвенцияны дәріптесе, ешкімді қинамаса, әрі біреудің тәніне және қажетті мүлкіне залал келтірмесе, онда рақатты қандай жолмен болса да алуға болады. Эпикур бос қалаулардың орындалуын әлдеқайда қатқылырақ сынады. Мысалы, байлыққа деген ұмтылыс, қоғамдық мәртебе және құрметке ұмтылу. Бұлар табиғи қалауларға жатпайды және қажет емес табиғи қалаулар сияқты орындалмаған жағдайда азап сезімін тудырмайды. Алайда ғылым мен философия рақаттары да сондай: «Желкенді көтер де айдынға бет ал, барлық мәдениеттен аулақ жүр», – дейді ол өзінің сүйікті шәкіртіне. Аристотель мұны философияның пайдасына айналдырады, яғни сезімдік рақаттануға қарағанда, философиядан алатын рақат азап сезімдерімен араласпайды. Философ болмағаннан ешқандай азапқа түспейтін болған соң, философия рақаттарының маңыздылығын кеміте түсетін себеп пайда болды. Эпикур бақытты өмірде ақыл-ой маңызды рөл атқарады, бірақ оның қызметі сезімдік рақаттарды болжау және есте сақтауда дейді.

Сақталып қалған мәтіндер негізінде біз Эпикур гедонизмін жүгенсіздіктен аулақ деп бағалай аламыз. Бірақ ол кей-кейде, мүмкін әдейі көпшілікті шошыту үшін, өз ойын терминдермен білдіретін. «Егер тамақты, махаббатты, музыка мен сұлулықты алып тастасақ, онда менде жақсылық туралы ешқандай ой болмас еді». «Асқазан рақаты – бәрінің бастамасы және түпнегізі». Осы сөздерінің кесірінен ол қайтыс болған соң, тамақ талғағыш және бұзылған адам атанып кетті. Шын мәнінде, мұны оның көзі тірісінде Тимократ есімді жікшіл шәкірті аңыз ғып таратып бастаған еді. Ол Эпикурдың түн ортасындағы сауық-думандары мен күніне екі рет құсатыны туралы айта беретін.

Эпикурдың ізгілік дегеніміз – рақаттану деген ілімі ең қатал сынның астында қалды. Стоик Клеанф өз шәкірттерінен рақатты айналасына бүкіл ізгілік жиналған тақтағы ханшайым деп елестетуді өтінді. Эпикур этикасы тұрғысынан алғанда, олар – кей-кейде жазатайым азапқа салатын, көңілге қаяу түсіретін жайттарды ескертіп, сыбырлап тұрушы адал қызметшілер.



Эпикурлықтар бұған қарсы шықпады, Эноандалық Диоген стоиктердің ізгілік – бақыттың туындысы деген уәжімен келіссе де, олардың бақыттың бір бөлшегі екенін жоққа шығарды. Ізгілік – бақыттың мақсаты емес, тек құралы ғана. «Мен қазір және әрқашан, мейлі грек үшін болсын, мейлі варвар үшін болсын, рақат – жақсы өмірдің мақсаты екенін айтып, бар даусыммен жар саламын» дейді ол.

## Стоиктер Этикасы

Эпикурлықтар рақатқа берілген басты рөлді қолдау мақсатында, әрбір хайуан дүниеге келген соң рақатты іздейді, оны ең керемет игілік деп, рақатқа бөленеді және ең сұмдық жамандық деп азаптан бас тартады деп сипаттады. Керісінше, стоик Хрисипп хайуан үшін ең бастысы – рақат алу емес, тірі қалу деген пікір айтты. Сана әр адамның өз конституциясын (дене бітімін) түсінуінен басталады деп стоиктер жаңа сөз енгізді. Адам сол конституциясын дамытуға септігі тиген нәрселерді қабылдап, нұқсан келтірген нәрселерден бас тартады. Осылайша, сәби құласа да, жыласа да, өз бетінше жүруге ұмтылады. Конституциясын қорғауға және дамытуға ұмтылыс рақатқа ұмтылыстан әлдеқайда қарапайым. Себебі мұндай үрдіс адам баласында ғана емес, өсімдіктерде, жануарларда да санасыз түрде жүзеге асады. Табиғаттың алғашқы сабағы – өз конституцияңды күту.

Стоиктер этикасы табиғатқа ерекше мән береді. Аристотель жеке нәрселер мен түрлердің табиғаты туралы көп ой қозғаса да, табиғат ұғымын жалғыз ғарыштық тәртіп ретінде тану стоиктерге тиесілі. Олар табиғатты әртүрлі заттардың құрылымы мен белсенділігінен көрінеді деп білді. Лаэрттік Диогеннің айтуынша, Зенон өмірдің мақсаты – «табиғатпен бірігіп тіршілік ету» деп тұжырымдаған. Табиғат бізді өмір бойы өзімізді күтуге үйретеді. Себебі біздің конституциямыз сәби кезімізден, жастық шақ пен кәрілікке қарай өзгереді. Бірақ өзін-өзі жақсы көру – өмірдің жалғыз сабағы емес. Өсіп-өну импульсі сияқты, өз ұрпағын сақтау деген табиғи импульс және бар. Оған білім алуға бейімділік сияқты табиғи екпін тағы қосылады, сонымен бірге алған білімімізді басқалармен бөлісуге де бейімділігіміз бар. Стоиктердің пікірінше, жақындарымызға пайдалы нәрсе жасау екпіні бүкіл әлемге жайылуы керек.

Адриан кезеңінің стоигі Гиерокл айтқандай, біздің әрқайсымыз шоғырлас шеңберлердің ортасында тұрмыз. Бірінші шеңберде менің денем мен оның қажеттіліктері шоғырланған менің жеке санам тұр. Екіншісі – отбасымды қоршап тұрады, ал үшіншісі және төртіншісінде туыстарым бар. Одан кейін, менімен әртүрлі қарым-қатынастағы көршілерім, онымен қоса барлық отандастарым болады. Ең сыртқы және ең үлкен шеңбер бүкіл адамзатты қамтиды. Егер мен адамгершілігі мол кісі болсам, онда осы шеңберлерді жақындатуға тырысар едім. Немере ағаларыма туған бауырларымдай қарап, әрқашан сыртқы шеңбердегі адамдарды ішкі шеңберге ауыстырып отыруға тырысар едім.

Стоиктер осы үрдісті көркемдеп сипаттау үшін «oikeiosis», яғни «үйге жақындату» деген арнайы сөз ойлап тапты. Стоиктер ғарыш табиғатына бейімделіп, өзі өмір сүріп жатқан әлемде өз үйін жасайды. «Oikeiosis» бұған қарама-қайшы: ол сіздің үйіңізді өзіңіздің ішкі шеңберіңіздегі басқа адамдардың үйіне айналдырады. Әмбебаптық әуелде таңғалдырса да, аз уақыттан соң оның шектеулері көріне бастайды. Адам қаншалықты адамгершілігі мол болса да, жат кісіге өз отбасы мүшелеріне қарағандай бауырмал сезіммен қарайды деп ойлау мүмкін емес. «Oikeiosis» шаңырақтан басталады. Тіпті ең бірінші шеңбер ішінде біз көзден айырылғаннан гөрі тырнақтан айырылғанға көбірек алаң боламыз. Бірақ «oikeiosis» тілектестігі әмбебап үлгіде болмаса, басқа барлық адам баласына бірдей қараудың әділ міндеттемесі бола алмайды. Оның сыртында, стоиктердің көзқарасы бойынша, Отан үшін қаза табу – зор құрмет. Бірақ бұл ішкі шеңберден гөрі сыртқы шеңберді артық санауға жатпай ма?

Ғарыштық тәртіп, адамның этикалық мінез-құлығының жиынтығын ғана емес, моделін де қамтамасыз етеді. «Табиғатпен үйлесіп өмір сүру» «адам табиғатына сай өмір» дегенді білдірмейді. Хрисипп, біз табиғат жағдайларынан үйренген тәжірибемізге сай өмір сүруіміз керек. Өйткені жеке табиғатымыз – жаһандық табиғаттың бөлігі дейді. Басқаша айтсақ, ізгілікті адамның өмірі аспанның бірқалыпты қозғалысының астында тыныш өтеді. Ал оның ішкі әлеміндегі адамгершілік қағидасы төбеміздегі жұлдызды аспанды бейнелейді.



Табиғатпен үйлесіп өмір сүруді стоиктер ізгілікке сәйкес өмір деп білді. Олардың ең танымал және ең көп сынға ұшыраған моральдық қағидасы бақыт үшін ізгіліктің өзі ғана қажетті және жеткілікті деген ұстаным еді. Ізгілік тек түпкі мақсат пен ең жоғарғы игілік емес. Ол – бірден-бір шынайы игілік.

Стоицизм концепциясындағы ізгілік – іс-әрекет анықтамасының айрықша деңгейін көрсетеді. Ол адам әрекетін мазмұндайтын нақты әрекетті анықтайтын уәждің (негіздеменің) қатарында емес, одан кейін және оның үстінде орналасқан. Ол тиісті іс-әрекеттің уәжіне ықпал жасайды, бірақ, өзі оған тәуелді емес. Ізгілік – іс-әрекет анықтамасының жоғарғы деңгейі. Бұл таным актісі емес, өмір сүру тәсілі. Нақтыласақ: саналы тіршілік ету тәсілі немесе саналы жанның тіршілік ету тәсілі, егер ол адекватты болса, өзін саналы мәнде табады. Сондықтан, дана ұсқынсыз және кедей бола тұра, бақытты бола алады; «өйткені, дұрыс сана тұрақты ережелермен жабдықтаған жан жеңілмейді және ешқашан әлсіремейді».

Адам тек – жеке, оқшауланған ғана жан емес, сонымен қатар, қоғамдық жан және осыған қоса, әлемнің бір бөлігі, оның іс-әрекетін басынан қозғалысқа әкелетін өзін-өзі сақтауға деген табиғи ұмтылысы – мемлекеттің игілігіне қамқор болуға, тіпті бүкіл дүниеге қатысты адамның міндеттерін түсінуге дейін көтереді. Сондықтан, дана адам өз игілігінен мемлекет игілігін жоғары қойып, керек болса, өз өмірін де қия алады: ол өз-өзін сақтап қалуға деген ұмтылыс дәл осыны қажет ететіндігін біліп, түсінеді. Осы көзқарасты туған полисінен әрі қарай кеңейтіп, стоиктер космополитизмге келеді. Ол Грекияны кішкене полистарымен жұтып әкеткен әлемдік империяның туындау кезеңінің азаматына тән көзқарас еді. Дәл осы сипатта стоицизм римдік философияға көшті.

Стоицизм игілікті философия болды және заманауи циниктер болжағаннан да анағұрлым өміршең болды. Ол грек ойларының барлық элементтерін бір арнаға тоғыстырып, көне сенімнен бас тартқан таптарға қонымды құндылықтар жүйесін жасауға тырысқан пұтқа табынушылықтың соңғы талпынысы болды; және де осы қойған биік талаптарға тек азшылық сай келсе де, бұл азшылық барлық жерде тек үздіктерден тұрды. Христиандықтың егізі болған – кальвинизм мен пуритандық секілді, ол өмірге өз заманының ең құдіретті сипаттарын әкелді. Теориялық көзқарас бойынша, стоицизм оқшау және аяушылық танытпайтын жетілгендік туралы құбыжықтық ілімді ұсынды. Шындығында ол, Кіші Катон, Эпиктет және Марк Аврелий секілді батыр, әулие, ізгі ықыласты адамдарды тудырды; ол Рим құқығына әсер етті; римдік емес халықтың құқығын жасағанда; және ақырында, ол көне қоғамды жаңа сенім келгенге дейін нығайтуға көмектесті. Стоиктер ырымшылдыққа рухани қолдау көрсетіп, ғылымға теріс ықпал етті, бірақ, олар өз заманының басты мәселесін анық көрді – моральдың теологиялық негіздемесінің құлдырауы – және дін мен философия арасындағы алшақтықты жеңіп шығуға шынайы талпыныс жасады. Эпикур гректерді таңғалдырды, Зенон – римдік аристократияны таңғалдырды және пұтқа табынушылық тарихының аяғына дейін стоиктер эпикуршілдерді басқарды, бұлай болды да және әрдайым болады да. Өлімсіреп жатқан эллинистік әлемнің зияткерлік және моральдық ретсіздігінен жаңа дін туындағанда, оған жолды, сенімнің қажеттілігін мойындаған, қарапайымдылық пен өз-өзін шектеу секілді аскеттік ілімді таратқан және барлық заттарды Құдайдан көрген философия дайындап берген еді.

Стоиктердің пікірінше, бақыт – ізгілікте шоғырланған және адам не толыққанды ізгілікті, не болмаса ізгіліктен жұрдай деп бағалайтындай ізгіліктің деңгейін өлшейтін мөлшер жоқ. Ізгіліктің жоғарғы шегі – даналық және дана адамға барлық ізгі қасиеттер тән. Сократ сияқты, стоиктер де адами қасиеттерді ғылым деп есептеді және олардың бәрін бір ғылымға жатқызды. Дана адам қандай да болсын құштарлықтардан ада және ол білуге тұратын нәрсенің бәрін біледі. Оның ізгілігі Құдайдың ізгілігі іспетті.

Дана адам – бай адам. Онда бәрі бар. Себебі тек сол ғана заттарды қалай дұрыс қолдану керегін біледі. Тек сол ғана көркем адам. Өйткені адамның ақыл келбеті тәнінен сұлуырақ келеді. Ондай жан – зынданда жатса да, еркін адам. Өйткені нәпсінің құлы емес. Ең соңында, стоиктердің феникс құсын табудан гөрі дана адамды табу қиын деп мойындағаны таңғаларлық жайт емес, яғни бақыттың баяндылығы оның қол жеткізбес бағасына ғана сатып алынады.

Дана адамды табу мүмкін емес және ізгілік деңгейлері жоқ болғандықтан, адамзат тек ақымақтардан тұрады. Сонда дана адам дегеніміз, біздің еліктеуіміз бен мадақтауымызбен



ғана бар болып отырған ғажайып аңыз адам болып шыққаны ма? Бұл – екіталай, себебі, қол жетпес мақсатқа қанша ұмтылсақ та, біз бәрібір құтылуға бір қадам да жақындаған жоқпыз. Су бетінен тек екі фут биіктіктегі адам мұхиттың астында бес жүз қадам тереңдіктегі адам сияқты тура солай суға батады. Стоиктердің даналық пен бақыт туралы ілімдері – біздің ізгілікке ұмтылуымызға сәл де болсын түрткі болады.

Сонымен, Энтони Кенни кітабының сегізінші тарауында талдаған Антика заманының әдеп философиясын қарастыруды аяқтадық. Келесі дәрісімізде біз Кенни кітабының антика философиясының теологиялық мәселелеріне арналған соңғы тарауына тоқталамыз.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Эпикур бойынша рақат дегеніміз не?
2. Эпикур философиясында теоретикалық гедонизм мен практикалық аскетизм қалай ұштасады?
3. Эпикур бойынша адамның ең іргелі, ең күшті қалауы?
4. Эпикур гедонизмі не себепті сынға ұшырады?
5. Эпикурлықтардың этикалық ілімдері мен стоиктердің ізгілікті концепциясының айырмашылығы неде?
6. Стоиктер табиғатты қалай қарастырды?
7. Сыртқы шоғырлас шеңберлердің ішкіге өту үрдісін стоиктер қандай түсінікпен сипаттайды?
8. Стоиктердің көзқарасы бойынша бақыт дегеніміз не және ең мінсіз ізгілік қандай?

### Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 2-том: Антикалық философия / құраст.: Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.
5. Чанышев А. Н., Курс лекций по древней философии. – М., 1981.
6. Платон, Диалоги. – М.: Академический проект, 2017.
7. Adler M., *Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy.* Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).